

**Тастөбе ауылдық округінің "Тастөбе" ауылына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 маусымдағы N 138 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 18 маусымда N 2-12-196 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 қазандағы N 264 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012.10.02 N 264 Қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2012 жылғы 28 сәуірдегі N 11 ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тастөбе ауылдық округінің "Жылыбұлақ" ауылында мүйізді ұсақ малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қ о н а қ б а е в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:

*С. Дүйсембінов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ауыл шаруашылығы Министрлігі  
Ветеринариялық қадағалау және  
бақылау комитетінің Қаратал

аудандық аумақтық инспекциясының  
бастығы Алматы Полатұлы Күншығар  
01 маусым 2012 жыл

Қаратал ауданы бойынша  
мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау  
басқармасының бастығы Владимир Петрович Маркевич  
01 маусым 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК